

№19 колледж МКҚК

Ашық сабақ жоспары

Ашық сабақтың тақырыбы: Қазақ халқының материалдық мәдениеті және қолданбалы өнері

Модуль немесе пән атауы: Қазақстан тарихы

Педагог : Райымбек Ғайша Райымбекқызы дайындады

2022 жылғы 10.02

1. Жалпы мәліметтер

1-Курс, топтар: **21-01**

Сабақтың түрі : Теориялық сабақ

2. Мақсаты, міндеттері

Оқушыларды халқымыздың материалдық мәдениетінің түрлерімен таныстыру, жалпы материалдық мәдениет туралы мәлімет бере отырып, қазақ халқының мәдениетінің өшпес құндылықтары екеніне көз жеткізу.

Материалдық мәдениет туралы түсініктерін кеңейту, мәдениетті жан - жақты қырынан тани білуге көмектесу, қазақ халқының материалдық мұражайына саяхат жасата отырып, білімдерін еске түсіру арқылы дамыту, өз көзқарастарын қалыптастыруға көмектесу.

Қазақ халқының бай мәдениетіне деген қызығушылықтарын одан әрі дамыту, эстетикалық тәрбие беру.

3. Оқу-жаттығу процесінде білім алушылар меңгеретін күтілетін нәтижелер және кәсіби дағдылар тізбесі : Студенттер материалдық мәдениет түрімен танысады. Қазақ халқының өшпес мұрасын қолмен ұстап, көз жеткізеді. Мәдениетке деген қызығушылықтары артып, рухан жәдігерлерді құрметтейді.

4. Қажетті ресурстар: Қазақстан тарихы .11-сынып Алматы 2019ж Қазақстан картасы, Ахметжанов Қ. С. Қазақтың дәстүрлі қару - жарағының этнографиясы. А - 2006
Сен білесің бе? Энциклопедия. А - «Аруна»
Қазақ Алтайының көне қазынасы. А - «Өнер» 2008
Кенжеахметұлы С «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» А - 2006
Сәндік қолданбалы өнер. Энциклопедия.

Ұйымдастыру сәті. Студенттерді түгелдеп, назарын сабаққа аударып, сабақ тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстыру. Әңгімелесу.

Үй тапсырмасы: Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы қандай?

Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын қандай салт-дәстүрлер арқылы анықтауға болады?

Қазіргі кезеңде неліктен қазақ халқының рухани жаңғыруы өзекті мәселе?

Ұлттық діл, рухани құндылықтар, ұлттық салт-дәстүрлердің қазіргі кезеңде көрініс табуы туралы проблемалы баяндау. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы қандай?

Қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтарын қандай салт-дәстүрлер арқылы анықтауға болады?

Қазіргі кезеңде неліктен қазақ халқының рухани жаңғыруы өзекті мәселе?

III. Жаңа сабақ жоспары

1. Қазақ халқының баспанасы
2. Қазақ халқының ұлттық киімдері
3. Қару жарақтар
4. Ат әбзелдері
5. Ұлттық қолөнері

Мәдениет дегеніміз не? Қазақ тіліне бұл термин арабтың «маданият» «қала, қалалық» деген сөзінен енген.

Мәдениет - белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы. Адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі.

Мәдениеттің екі түрі бар.

1. Материалдық

2. Рухани

Материалдық мәдениет адам өмірінің материалдық аяда қол жеткізген жетістіктерінің жиынтығынан тұрады. Оған адамның биологиялық өмірін қамтамасыз етуге қажетті игіліктер — азық, киім, баспана, еңбек және қатынас құралдары т.б. жатады. Материалдық мәдениет • Рухани мәдениет белгілі бір қоғамда өмір сүріп жатқан адамның айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау үрдісіндегі білімінен, білігінен, кәсіпқойлығынан, қадірінен, адамшылығынан, тәрбиелілігінен, зиялылығынан, қарапайымдылығынан көрініс береді.

Қолмен ұстап, көзбен көруге болатын дүниелерді материалдық мәдениет дейміз. Ал қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын, тек санамен, түйсікпен қабылданатын мәдениет жетістіктерін біз рухани мәдениет дейміз. «Рухани мәдениет» - адамдардың талғамына байланысты дамыды. Ол өзінің құрамдас бөлігі ретінде эстетика мен этика нормаларын қабылдауға мәжбүр болды.

Материалдық мәдениетті мәдениетке айналдырған адамның идеясы мен білімі, ал рухани мәдениеттің өнімі материалдық нысанда болды. Материалдық мәдениетсіз рухани мәдениет қалыптаспайды. Мысалы, радио, теледидар, компьютер, түрлі ғимараттар, мұражайлар сияқты түрлі материалдық игіліктер арқылы рухани мәдениет таралды. Би, ән айту, жыр жырлау құралсыз іске асырылмайды. Киім — адам киетін, денесін ыстық, суықтан қорғайтын бұйым. Киіз үй көшпелі халықтардың қысы - жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, ал жазда салқын. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әртүрлі болып келеді. Киіз үйдің негізгі қаңқасы киіз үйдің сүйегі деп атайды. Оған кереге, уық, шаңырақ және есік жатады..

Киіз үйдің түрлері:

Орда - салтанатты, жоғары мәртебелі адамдар бас қосатын, елдік мәселе шешетін аса құрметті хан, би сұлтандар отыратын үй.

Алтын орда — 30 қанаттан тұратын, ханның мәжіліс ордасы.

Алтын үзік - 24 қанаттан тұратын аса лауазымды хан отбасы тұратын үй.

Ақ шаңқан - 18 қанаттан және 12 қанаттан тұратын елбасылар, бай, билер тұратын киіз үйлер,

Ақ ала орда - сегіз қанатты, дәулетті бай үйі.

Ақ үй - 6 қанатты дәулетті адамдар үйі.

Боз үй, қоңыр үй - 4 - 5 қанатты орташалар тұратын киіз үй.

Қараша үй - кедей үйі

Отау — жас жұбайлар үйі.

«Қазақ халқының ұлттық киімдері»

Қару жарақ

Ат әбзелдері

“Ұлттық қолөнер” бөліміне хош келдіңіздер!

ІҮ. Жаңа сабақты бекіту

1. «Орнын тап» Суреттерге қарап топқа бөлеміз.

Ер адамның киімдері Қыз баланың киімдері

2. Топтастыру

Қолөнер бұйымдарына нелер жатады?

Оқушының шығармашылық жұмысы

Ү. Қорытынды

“Өткендерін жек көрген - өшкендіктің белгісі,

Өткендерін ескерген - өскендіктің белгісі”

ҮІ. Үйге тапсырма

Қазақ халқының материалдық мәдениеті оқу, түсінік айту.

Мәдениетім –мақтанышым тақырыбында эссе жазу

ҮІІ. Бағалау

АШЫҚ сабақ

Тақырыбы: Қазақ халқының материалдық мәдениеті және
қолданбалы өнері

Пән мұғалімі: Райымбек Ғайша Райымбекқызы

2021-2022 оқу жылы